



ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ АУМАҒЫ КЕҢЕЙДІ

«Qyzyjag» арнайы экономикалық аймағы кеңейтіліп, бесінші субаймақ пайда болды. Облыс әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, жаңа субаймақ 10 маусым күні Үкіметтің қаулысымен құрылды. Осылайша «Qyzyjag» арнайы экономикалық аймағы қосымша 24,5 гектар аумаққа ұлғайып, 236,8 гектарға жетті.

Жаңа құрылған бесінші субаймақта халықаралық деңгейдегі ірі инвестициялық жоба жүзеге асады. «Ultradecor Trading Kazakhstan» ЖШС компаниясы жаңа өндіріс ашуға ниетті. Оның негізін қалаушы – қатарлық Sausa Holding компаниясы. Бұл холдингтің бүгінде әлемнің ертүрлі елдерінде 29 зауыты бар және ағаш өңдеу саласында әлемдік көшбасшылардың бірі.

– Петропавлда ашылатын кәсіпорын құрылысқа қажет ДСП және ЛДСП өндірісімен айналысады. Осы мақсатқа 90 млрд. теңге инвестиция құйылмақ. Нәтижесінде 500 тұрақты жұмыс орны ашылады. Қазіргі уақытта бұл компанияны «Qyzyjag» арнайы экономикалық аймағының қатысушысы ретінде тіркеу үдерісі жүріп жатыр.

Өңір үшін мұндай жобаның іске қосылғаны тиімді. Жаңа жұмыс орындары ашылады, бюджетке салық түседі, жоғары технологиялы өндіріс дамиды, шетелдік инвесторлардың сенімі артады, – дейді облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дархан Әмрин.

Арнайы экономикалық аймақ қатысушыларына салықтық және көдендік жеңілдіктер ұсынылады. Бұл өз кезегінде инвесторлар үшін Қазақстанда бизнес жүргізудің тиімділігін арттырады.

2019 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Qyzyjag» арнайы экономикалық аймағында бүгінде 21 компания орналасқан. Жалпы инвестиция көлемі – 315,9 млрд. теңге. Нәтижесінде шамамен 4 мың жаңа жұмыс орны ашылды.

Олардың ішінде трансформаторлар шығаратын Петропавл электротехникалық зауыты, CLAAS және Sampro ауыл шаруашылығы техникасын құрастыратын СТ Эсэмбли және Казтехмаш, тіркелімі ауыл шаруашылығы техникасын құрастыратын Reimann, ламинатталған фанера өндірісін жолға қойған Nord Panels сияқты кәсіпорындар бар.

Бұл өндіріс орындары өз өнімдерін Қазақстанның өзге аймақтарына және шет елдерге жөнелтіп жатыр.

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ САТЫП АЛУ

Бақылау сатып алу – бұл техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтау болып табылатын мемлекеттік бақылау түрлерінің бірі.

Техникалық реттеу саласындағы бақылау сатып алу мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік-фитосанитариялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімді қоспағанда, оған қатысты техникалық регламенттер қолданысқа енгізілген өнімді айналысқа шығару сатысында жүргізіледі.

Бақылау сатып алу бақылау және қадағалау субъектісінің объектілерінде және алдын ала ескертусіз жүргізіледі. Бақылау сатып алуды жүзеге асыруға және сатып алынған өнімді сынақтан өткізуге байланысты шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Өнімдердің (тауарлардың) үлгілерін сынау нәтижелері бойынша өмірге, адам денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау және қадағалау органы техникалық реттеу саласындағы заңнамада және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген тәртіппен өнімге тыйым салу түріндегі жедел ден қою шараларын қолдана алады.

Егер сіз Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді сату фактілеріне тап болсаңыз, «Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ, Петропавл қ., Ульянов к-сі, 56, тел.: 52-74-97, e-mail: gosnadzor_sko@mail.kz, gosnadzor_sko@mail.ru немесе e-obninish порталы арқылы жүгіне аласыз.

Екатерина ПАРШИНА, ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ



17 маусым күні аудан әкімі Рамат Смағұлов «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалында азаматтарды жеке қабылдады. Себебі, ауыл тұрғындары көкейінде жүрген өзекті мәселелерді партия ғимаратына келіп, көтеріп келеді.

Кездесуде бұрынғы ет комбинатының ғимаратын тұрғындардың қажеттіліктеріне пайдалану туралы ұсыныс түсіп, Нефтеллощадкадағы қоқыс жәшіктерінің, көше жарығының және балалар алаңының қоршауының болмауы толандыратыны белгілі болды.

Аудан әкімі мағжандықтармен ауданды абаттандыру және тіршілікті қамтамасыз ету, Бұлаев қаласының солтүстік жағында қауіп төндіретін ашық құдықтар мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ қала тұрғындары «Есіл Су» РМК судың әлсіз қысымы мен жеткіліксіз көлемде жеткізілуіне

байланысты сумен жабдықтаудағы кемшіліктерді көтерді. Рахат Назымбекулының айтуынша, биыл бұл мәселені шешу үшін су мұнарасын (200 текше метр) орнатуға қаражат бөлінді. Әкім жуық арада жұмыстар басталып, бұл мәселе күн тәртібінен түсетінін жеткізді.

Кездесу барысында электр желілеріне кедергі келтіретін ескі ағаштарды кесу, көші-қон мәселесін бақылауға алу, көше жолдарын жөндеу мен тұрғын үй мәселелерін шешу сияқты сұрақтар көтерілді.

Бұл күні айтылған барлық өтініштер мен шағымдар тіркеліп, әкімдік тарапынан бақылауға алынды.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Құрметті мағжандықтар!
«Magjan jultyzy» газетінде
«Жедел желі» іске қосылды.

Сіздер желі арқылы жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың қызметі және басқа да өмірлік маңызды мәселелер бойынша ескертулеріңізді, сұрақтарыңызды және ұсыныстарыңызды жеткізе аласыз.

Осылайша, газет арқылы халық пен билік арасында байланыс нығая түспек.

Барлық келіп түскен мәселелер газетте жарық көріп, атқарушы биліктің тиісті құрылымдары мен

қоғамдық ұйымдардың нақты жауаптары жарияланатын болады.

Өзекті мәселелер бойынша 8-705-141-44-74 WhatsApp нөмірі бойынша хабарласуға немесе жазбаша түрде e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz электрондық поштасына жолдауға болады.

Біздің мекен жайымыз: Бұлаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй, «Magjan jultyzy» газетінің редакциясы.

Анонимді хабарламалар қарастырылмайды.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны аяқталып жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық поштада және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80, редакция - 2-21-35.



2025 — ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы — еңбекке
бет бұрған болашақтың мекені!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялауы — ел экономикасының нақты тірегі саналатын техникалық және жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Бұл бастамаға Мағжан Жұмабаев ауданы да белсенді қатысып келеді. Ауданымызда бірқатар іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылады.

Кәсіптік білім — тұрақты
болашақтың кепілі

Бұлаев қаласындағы кәсіби даярлау және қызмет көрсету колледжі — аудандағы негізгі кәсіптік білім ордасы. Мұнда 160-тан астам студент заманауи мамандықтарды меңгеріп жатыр. Атап айтсақ:

- Тракторист-машинист
- Слесарь-жондеуші
- Аспаз
- Дәнекерлеуші

Білім ордасында 60-қа жуық білікті оқытушы мен өндірістік оқыту шеберлері жұмыс істейді. Студенттер тек теорияны ғана емес, нақты тәжірибені де меңгеріп, еңбек нарығына

даяр маман болып шығады.

Колледж оқушылары WorldSkills сияқты кәсіби шеберлік сайыстарына да белсене қатысады.

Жастарға бағыт — кәсіби бағдар

Жұмысшы мамандықтарын насихаттау мақсатында ауданда бірқатар маңызды шаралар өтті:

Bulaevo Quiz — аудандық Мәдениет үйінде өткен зияткерлік сайыс жастардың кәсіби таңдауға деген қызығушылығын арттырды.

Дебат турнирі — мектеп пен колледж оқушылары арасында ұйымдастырылған пікірталасқа қатысушылар еңбек тақырыбын жан-жақты талқылады.

Кәсіби бағдар күні — 9-сынып оқушыларына арналған кездесу барысында түрлі мамандықтар мен олардың артықшылықтары таныстырылды.

Әлеуметтік қолдау — нақты көмек

2025 жылдан бастап жұмысшы мамандықтарға түсетін студенттердің стипендиясы ұлғайтылды:

Ең төменгі стипендия — 57 000 теңге.
Ең жоғарғы стипендия — 82 000 теңге.
Бұл — жастарды кәсіптік білімге тартуда үлкен мотивация.

Қорытынды

Мағжан Жұмабаев ауданы еңбекке құрметпен қарайтын, нақты іспен үлес қосатын жастарын тәрбиелеуде. Жұмысшы мамандықтары — бұл тек табыс көзі ғана емес, сонымен бірге ел дамуына қосқан үлес.

Болашақ — қолымен, ақылымен, еңбегімен елін өркендететін жастардың қолында!

Нұржанат ШӘРІМОВ,
СҚО Кәсіпкерлер палатасы Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының директоры.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Еңбек құқығы — адам құқықтарының жүйесінде ерекше орын алатын негізгі құқық. Бұл жай ғана әлеуметтік игілік емес, әрбір адамның лайықты өмір сүруі, дербестігі мен қоғамға кірігуінің негізі болып табылады. Ғаламданду, көші-қон үдерістері, әлеуметтік өзгерістер мен еңбек нарығындағы тұрақсыздық жағдайында еңбек — бұл азаматтық артықшылық емес, өарадамғатисілі құқық екендігін естен шығармау аса маңызды. Бұл құқық халықаралық құқықпен де, Қазақстан Республикасының Конституциясымен де танылған.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 23 бабына сәйкес:

«Әр адам еңбек етуге, жұмысты еркін таңдауға, әділетті және қолайлы еңбек жағдайларына, сондай-ақ жұмыссыздықтан қорғауға құқылы».

Сол сияқты, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 6-бабында мемлекеттерге:

«Адамның өз қалауы бойынша еңбек таңдау құқығын қамтитын еңбек ету құқығын тану міндеті» қамтылады.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында жүрген әрбір адам, оның азаматтық, көші-қон мәртебесіне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, еңбек ету құқығымен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл көші-қоншыларды, азаматтығы жоқ адамдарды, босқындар мен пана іздеушілерді және өзге де осал топтарды қамтиды.

Қазақстан Республикасында еңбек ету құқығы Конституциямен, еңбек заңнамасымен және мемлекеттік механизмдер арқылы қорғалады.

1. Конституциялық кепілдік

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24 бабында былай делінген: «Әркім еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқылы...».

2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

- еңбек қатынастарындағы кемсітушіліктің көз келген түрін тыйым салады (6 бап);
- жазбаша еңбек шартының міндеттілігін бекітеді;

- жұмысшының қауіпсіз еңбек жағдайларына, жалақыға, демалысқа, заңсыз жұмыстан шығарудан қорғануға құқығын белгілейді;

- жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу тетіктерін айқындайды.

3. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі

Мемлекеттік жұмыспен қамту саясаты жүзеге асырылады:

- халықты жұмыспен қамту орталықтары және Еңбек.kz порталы арқылы;

- жұмыссыз мәртебесін беру арқылы;

- қайта оқыту және қайта даярлау бағдарламалары арқылы;

- осал топтарға — көпбалалы аналарға, мүгедектерге, интернат түлектеріне арналған субсидиялар мен квоталар арқылы.

4. Еңбек құқықтарын қорғау

Мемлекет еңбек етушілердің құқықтарын қорғау үшін келесі тетіктерді қалыптастырды:

- еңбек инспекциясы — еңбек заңнамасының орындалуын мемлекеттік бақылау органы;

- еңбек даулары жөніндегі комиссиялар — міндетті сотқа дейінгі орган;

- соттар — еңбек және кемсітушілік дауларын қарайды;

- кәсіподақтар — қызметкерлердің мүдделерін қорғауға және ұжымдық шарттар жасасуға қатысады.

5. Адам құқықтары жөніндегі үкіл
2024 жылы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталыққа еңбек құқықтарын қорғауға және қалпына келтіруге қатысты 265 өтініш келіп түсті.

Жыл сайынғы баяндамалар мен өтініштерде Үкіл жұмысшылардың, әсіресе ауылдық жерлерде тұратындардың құқықтық сауаттылығы мен хабардарлығын арттыру қажеттігіне назар аударады.

2024 жылы Сауалмен ауылдарындағы Айыртау ауданындағы ерекше режимдегі №51 мекемеге барғаннан кейін, Үкіл жеке бизнес субъектілерін тарту арқылы сотталғандарды жұмыспен қамту және бос тұрған лауазымдарды толтыру бойынша қосымша шаралар қабылдау қажеттігін ұсынды.

БҰҰ-ның Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеті де еңбекке қол жеткізу — әмбебап әрі кемсітушіліксіз болуға тиіс екенін баса айтты.

Қазақстан Республикасындағы еңбек ету құқығы — бұл тек ішкі конституциялық құқық емес, сонымен қатар халықаралық міндеттеме. Бұл құқық мемлекеттің юрисдикциясындағы барлық адамдарға кепілдік берілуі тиіс. Мемлекеттік органдар, заңнама және институттар бұл құқықты тек жариялап қана қоймай, оны іс жүзінде де — ешқандай ерекшеліксіз, кедергісіз және кемсітусіз қамтамасыз етуге міндетті.

Римма АБДРАХМАНОВА,
Адам құқықтары жөніндегі
Ұлттық орталықтың СҚО бойынша
өкілдігінің бас маманы.

МАМАН КЕҢЕСІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖАНУАРЛАРЫН СОЮДЫҢ
ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазақстанда ауыл шаруашылығы жануарларын сою процесі ұстау, тасымалдау және сою жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын нормативтік актілермен реттеледі. Бұл талаптардың негізінде жануарларға адамгершілікпен қарау, стресс пен ауырсынууды азайту, гигиена мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптері жатыр.

Ауыл шаруашылығы жануарын сою алдында оның демалуына және бейімделуіне жеткілікті уақыт беру қажет. Сондай-ақ, жануарлардың өмірінің барлық кезеңдерінде, соның ішінде сою орнына тасымалдауды ыңғайлы және қауіпсіз ұстау жағдайларын қамтамасыз ету маңызды.

Жануарларды тасымалдау жарақат алу мен стресс қаупін азайту үшін белгілі бір стандарттарға сәйкес жүргізілуі керек. Сою әрекетінің өзі жануардың тез және ауырталықсыз өлуіне кепілдік беретіндей етіп жүргізілуі керек. Ол үшін союдың өтпурлі әдістері қолданылады, соның ішінде электроанестезияны қолдану немесе өлімге әкелетін соққы жасамас бұрын жануардың санасын жою.

Бұл ең адамгершілік нәтижелерге қол жеткізуге және жануарлардың артық ауырсыну мен азап шекпейтінін көз жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы жануарларын союдың ветеринариялық қағидаларын тиісті органдар қатаң реттейді және бақылайды. Осы ережелерді бұзу бұзушылықтардың ауырлығына байланысты әкімшілік немесе қылмыстық жазаларға әкелуі мүмкін.

Ауылшаруашылық жануарларын союдың ветеринарлық ережелерін сақтау өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, жануарларды қорғаудың және тұтынушылардың сенімін сақтаудың маңызды факторы болып табылады.

Сондықтан ветеринария мамандары, фермерлер, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары және тиісті бақылау және қадағалау органдары арасындағы ынтымақтастық пен ынтымақтастық осы мақсаттарға жетудің кілті болып табылады.

Светлана МАКАРОВА,
мал дәрігері.

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 55-бабы 6 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі - СЭБ материалдары) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бұлаев қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен біріктірілген бас жоспарды түзету» жобасы әсер ету скринингі;

- «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бұлаев қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен біріктірілген бас жоспарды түзету» жоба бойынша жалпы түсіндірме жазба.

СЭБ материалдарын өзірлеуші: ТОО «СК Раол Инвест».

СЭБ материалдарына Тапсырыс беруші: «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ.

СЭБ өзірлеуге жауапты: Абдиганпан Е.Н.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар бергені үшін уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі **Жұртшылықты** (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертүүлери мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Жобаларды іске асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ете ала ма, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай

ақпарат қызықтырады және неге?

4) Сізге жобаларды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертүүлери мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2035 жыл.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертүүлери мен ұсыныстарды қабылдау бойынша рәсімді өткізу мерзімі: 2025 жылғы 20 маусымнан 10 шілдеге дейін (ескертүүлери мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні — 2025 жылғы 10 шілде).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8. Экологиялық саясат департаменті.

Тел. 8 701-847-2853; 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83
e-mail: o.melinik@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертүүлери мен ұсыныстарды жазбаша түрде жіберуге болады:

- Экология министрлігі кеңсесінің электрондық мекенжайына электрондық түрде: k.kense@ecogeo.gov.kz (құжаттарыңызды кеңседе +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы алғаныңызды міндетті түрде нақтылау қажет);

- e-mail: o.melinik@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

- 8 701-847-2853 «WhatsApp» неміріне.

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған:

Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі - «Негізгі құжаттар» бөлімі) - «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Сайтта <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/details/840453?lang=ru>

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІ – ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНА ӨЗ ҮЛЕСІНДІ ҚОС!

Өздеріңіз білетіндей, Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру – дарынды, бастамашыл, жаңаша ойлайтын жастарды мемлекеттік басқару ісіне тартуға бағытталған.

Осы бастама Мемлекет басшысының тікелей бастамасы болып табылады және 2019 жылдан бастап ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, 2019, 2021 және 2023 жылдардағы іріктеулерге

60 мыңнан астам азамат қызығушылық танытты, олардың нәтижелері бойынша резервке 400 адам қабылданды.

Резервке алынған 400 адамның 318-і немесе 80% мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда жұмыс істеуде.

2025 жылдың 1 маусымынан бастап елімізде Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталды.

Төртінші іріктеудің ерекшелігі – әр бағыт бойынша кандидаттардың біркелкі санын қамтамасыз ету мақсатында әрбір кезеңде пропорционалды іріктеу өткізу. Яғни, резервтің әр салалық бағыты бойынша квоталар қарастырылып, іріктеу сол салалық бағыт бойынша ғана жүргізілетін болады.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс өтілі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Іріктеуге қатысуға Президент тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік өкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервінде тұрған адамдар жіберіледі.

Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады және 2025 жылдың маусым-қазан айлары аралығында өтеді.

Оның қорытындысы бойынша Резервке үздік 50 кандидат іріктелетін болады.

Резервке қабылданған күннен бастап 3 жыл ішінде резервшілер конкурстық іріктеуден өтпей тікелей түрлі мемлекеттік лауазымдарға тағайындалуы мүмкін.

Қатысуға өтінімді pkrezerv.gov.kz сайтында 1-30 маусым аралығында беруге болады.

Сайтқа қалай тіркеледі? Ағымдағы жылдың 1 – 30 маусым аралығында қатысушы жән және электрондық поштадан енгізу арқылы сайтта тіркеуден өтуі қажет.

Кандидаттың жасы тексерілгеннен кейін оған жеке кабинетте анкетаны толтыруға және қажетті құжаттарды жүктеуге мүмкіндік беріледі.

Сайтқа тіркелу үшін келесі құжаттардың: жоғары білім туралы диплом, еңбек қызметін растайтын құжат (ҚР Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес), мемлекеттік

Президенттік жастар кадр резерві

Жаңа буынның таңдауы

тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгергенін растайтын әрі жарамды QAZAQ RESMI TEST немесе KAZTEST сертификаттың көшірмесін жүктеу қажет.

Сондай-ақ, тіркеу кезінде қатысушылар алты салалық бағыттың бірін таңдауы керек:

1. Инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;
2. Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;
3. Сыртқы саясат және инвестициялар;
4. Экономикалық және қаржылық саясат;
5. Цифрландыру;
6. Әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам.

Өтінім беру кезінде мемлекеттік тілді меңгергені туралы жарамды мерзімі бар сертификат болмаған жағдайда кандидатқа берілген промокод арқылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМҚ-да мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – QAZTEST бойынша сертификаттық

тестілеуден немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында «www.qrt.kz» QAZAQ RESMI TEST тестілеудің онлайн-сервисінде тестілеуден бір рет тегін өту мүмкіндігі беріледі.

QAZAQ RESMI TEST немесе KAZTEST-те тестілеуден өту үшін ұсынылған промокодты кандидат жеке өзі пайдалануы тиіс.

Іріктеу кезеңдеріне тоқталатын болсақ,

іріктеу Президент жарлығымен бекітілген ережелерге сәйкес 6 кезеңнен тұрады (Ереже Президенттің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 Жарлығымен бекітілген) және маусым – қазан айларында өткізіледі.

Әр кезеңге нақтырақ тоқталып өтейін.

I кезең. Резервкеалуушнкандидаттардың құжаттарын қабылдау 1 маусымнан бастап бір ай уақыт аралығында арнайы ақпараттық жүйеде онлайн режимде жүзеге асырылады.

II кезең. Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау кезеңі (2–3, 9–10 тамыз) кандидаттардың мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға мүмкіндік беретін екі бөлек тестілеу блогынан тұрады.

Талаптарға сәйкес келетін барлық кандидаттар мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан өтеді. Бұл ретте сандық тестілеуге әр салалық бағыт бойынша ең көп балл жинаған кандидаттардың 50%-ы жіберіледі.

Тестілеудің қорытындысы бойынша келесі кезеңге – ситуациалық тапсырмаларды шешуге үздік нәтижеге қол жеткізген 600 кандидат (оның ішінде әрбір салалық бағыт бойынша 100-ден аспайтын кандидат) жіберіледі.

III кезең. Ситуациялық тапсырмаларды шешу кезеңі

(16–17 тамыз) кандидаттардың таңдаған салалық бағытына байланысты нақты проблемаларды шешу бойынша ұсынстарын бағалауға бағытталған. Бұл

кезең онлайн-режимде эссе жазу форматында өтеді.

Нәтижесінде, 22 тамыз бен 3 қазан аралығында өтетін кандидаттардың құзыреттерін бағалау кезеңіне 300 кандидат жіберілетін болады.

IV кезең. Бұл кезең бағалаудың екі блогынан тұрады: ассессмент-орталық және құзыреттер бойынша сұхбат.

Ассессмент-орталық (22-28 тамыз) Мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта өтеді. Ол кандидаттардың бойындағы мінез-құлық индикаторларының жиынтығы арқылы қажетті құзыреттерді (көшбасшылық, талдау және мәселелерді шешу, қызметті басқару, сендіре білу, проактивтілік) бағалауға бағытталған.

Ассессмент-орталықтан өту қорытындысы бойынша 200 қатысушы құзыреттер бойынша сұхбаттан өтуге жіберілетін болады.

Құзыреттер бойынша сұхбат блогы (23–28 қыркүйек) кәсіби HR-менеджерлерді тарта отырып, өткізіледі. Сұхбат кандидаттардың ішкі уәждемесін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталды. Оның қорытындысы бойынша келесі кезеңге 150 қатысушы жіберіледі.

V кезең. Сарапшылық комиссиясында өткізілуі мүмкін 8-15 қазан аралығында өткізу жоспарлануда.

Сарапшылық комиссиясы отырысының қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысына 100-ден аспайтын кандидаттар тізімі ұсынылады.

VI кезең. Резервке үздік 50 кандидатты қабылдау үшін Ұлттық комиссияның отырысын қазан айының 25 күніне дейін өткізіп, қазан айының соңына дейін шешім шығару жоспарлануда.

Жастарымыздың бойындағы күш-жігері мен білімді ел мүддесіне қызмет етуге бағыттау, кәсіби мемлекеттік қызметкерлердің жаңа легін қалыптастыру – Агенттіктің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік аппаратқа білімді, еңбекқор, отанға қызмет етуді өзіне парыз санайтын жастар қажет.

Ел мүддесіне адал қызмет етемін деген жастарды Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуге қатысуға және еліміздің дамуына өз үлестерін қосуға шақырамын.

Ержан ҚАЖЫМАСҚАҒОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы.

«МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ»

Қазақстандық қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мемлекет Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударады.

Сыбайлас жемқорлықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін факторлардың бірі – мүдделер қақтығысы. Егер тұжырымдаманы ашатын болсақ, мүдделер қақтығысы – бұл жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға төменгілігінен адамдардың, лауазымды адамдардың және олардың лауазымдық өкілеттіктерінің жеке мүдделері арасындағы қайшылық, бұл ретте, аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін. Нәтижесінде, мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысының көрінісі теріс салдарға әкелуі мүмкін.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу мәселелеріндегі маңызды субъектілердің бірі ретінде бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің өздерін айқындайды.

Мемлекеттік қызметшілердің мұндай міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызмет туралы Заңнаманы бекітілген.

Осы заңдармен мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу мәселелеріндегі ерекше өкілеттіктер мемлекеттік қызметшілердің тікелей басшыларына және мемлекеттік органның басшылығына жүктелген.

Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысын тиімді реттеу ресімі арқылы шешу қажет.

Мүдделер қақтығысының теріс салдарын азайту үшін мемлекеттік органдар, жауапты лауазымды адамдар және мемлекеттік қызметшілер оның пайда болу себептерін, осы жағдайға ықпал ететін жағдайларын, жанжалдың даму динамикасын анықтауды, оның барысын бақылауды, шешімді басқаруды, жанжал кезіндегі қарсыластық деңгейін төмендетуді үйрену қажет.

Мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысы фактілері анықталған және болған жағдайда кез-келген азамат Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі СҚО бойынша Департаментінің сөнім телефонына 8(7152)-46-58-89 нөмірі бойынша хабарлауға құқылы.

Бақыт ЖАНБОЛОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МІНЕЗ–ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ



Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғамымыздың өмірінде ерекше орын алады. Ол қоғамның тиімділігін арттыруға, мемлекеттік қызметтің сапасын жаңартуға, ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді. Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейді. Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзінде асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Қоғам мемлекеттік қызметшілер өз міндеттері мен функцияларын заңдарға сәйкес барлық адал ниетпен құзыретті және тиімді түрде орындайды деп есептейді. Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

2015 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік

органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдебінің қағидаларына негізделеді.

Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынас барысында ұжымда іскерлік және ынталандыруға өзара қарым-қатынас пен ындырлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге, басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге не оған жол бермеу жөнінде өзге де шараларды қабылдауға, ұжымда әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынуға, өзінің мінез-құлқымен байтартықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қараудың үлгісі болуға, қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушілікпен және оған қолсұғушылықтың көз келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауға тиіс.

Осы орайда Кодексте көрсетілген талаптарды сақтау мақсатында Қызылжар аудандық соты өкімшілігінде сот мамандары және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлерімен семинарлық сабақтар, пікір алмасу тәрізінде үстел жинарды тұрақты түрде өткізіледі. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы төртінші жауаптылыққа әкеп соғатыны жиі назарға алынады.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын басқа көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

З.Ш. РАМАЗАНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот басшысының м.а.

ЕЛДІН МҮДДЕСІНЕ АРНАЛҒАН АДАЛ ЕҢБЕК



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқауы деген сөз» деді. Демек, бұл қызмет табанды еңбек пен шыдамдылықты талап етеді.

Қайнолла Тоқаулының еңбек жолына қарап отырсақ, оның бойында дәл сондай қасиеттер бар екенін байқаймыз. Ол өте еңбекқор жан. Еңбек жолын 1981 жылы қарапайым малшы болып бастаған ол 1986 жылы Қостанай ауыл шаруашылығы институтын «зоотехния» мамандығы бойынша бітіріп, зоотехник-селекционер болып жұмыс істеген. Сонымен қатар, ол 1986-87 жылдары Беларусь КСР Гродно қаласында әскери міндетін атқарып келіп, Майбалқы ауылында еңбегін жалғастырған.

Содан кейін ол 1989-1996 жылдары аралығында Возвышен аудандық ком-

сомол комитетінің II және I хатшысы, Бастомар кеңшарының 1-ші және 2-ші бөлімшесінде зоотехник, Возвышен ауданы әкімшілігінің жастар істері жөніндегі уәкілі лауазымдарында аянбай еңбек етіп, өмірі мен қызметі Возвышен ауданымен тығыз байланыста болады.

Ал 1997-2013 жылдары Қайнолла Сматав Қостанай өңірінде тұрып, ауыл шаруашылығы, қауіпсіздік және күзет, ерт сендіру, тау-кен өндірісі сияқты салаларда қызмет атқарады. Тек 2013 жылдың соңында Мағжан Жұмабаев ауданына оралып, Таман ауылдық округінде мәдени ұйымдастырушы, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінде іс-жүргізуші, мал шаруашылығы және қайта өңдеу жөніндегі бас маманының міндетін атқарушы, бас маманы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және маркетинг жөніндегі бас маман лауазымдарында жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызмет – барлық саланы тиімді басқаруды ұйымдастыруда жетекші рөл атқаратын мемлекеттік жүйенің ең маңызды тетіктерінің бірі. Билікке деген сенім қазіргі қоғамның талаптарына сай қызмет ететін мемлекеттік қызметшіден басталады. Ал, мемлекеттік қызметшінің қызметі – Отаны мен халқына адал еңбек етуімен бағаланады. Жалпы елімізде бұл кәсіби мереке 2014 жылдан бері аталып отырады. Кәсіби мерекеге орай, аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының орынбасары Қайнолла Тоқаулы Сматав туралы сыр шертілсін.

2015 жылы Возвышен ауылдық округінің әкімі болып тағайындалып, үш жыл бойы ауылдық округтің дамуына өз үлесін қосады.

2018 жылы облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мал шаруашылығы және асылдандыру ісі бөлімінің бас маманы болып ауысады.

2023-2024 жылдары Шал ақын ауданы кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы лауазымында еңбек етеді.

2024 жылдың 16 қыркүйегінде Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының орынбасары болып тағайындалып, бүгінгі күнге дейін қызмет етіп келеді.

Қайнолла Тоқаулының еңбек жолы негізінен ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Қай салада және қай лауазымда еңбек етсе де, ол адал қызмет атқарып, өзіне жүктелген міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындауға машықтанған.

Мемлекеттік қызметші болу – зор құрмет. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз қызметінің барлық жауапкершілігін толықтай сезініп, қызмет амалдарын жетік меңгеріп, өз ісін білікті маманы болуы қажет. Өйткені, мемлекеттік қызметші – биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

Осы орайда мен әріптестерімді шын жүректен 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күнімен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, бейбітшілік,

өзара келісім, отбасыларыңызға амандық, халыққа қызмет ету жолындағы адал еңбектеріңізге сәттілік тілеймін, - дейді тәжірибелі мемлекеттік қызметкер.

Қайнолла Сматав – мемлекеттік қызметкер ғана емес, сонымен шығармашылыққа да ден қойған өнерлі жан. Бұла кезінен ән-күйге әуес кейпкеріміз бүгінгі күні домбыра, гитара мен сырнайда ойнап, айналасын тамсандырып жүрген шебер өнерпаз. Ол ұжымда ғана емес, сондай-ақ аудандық деңгейде өтетін концерттерде өнер көрсетіп, туа біткен өнерімен жұртшылықтың қошеметіне бөленіп жүрген жайы бар. Сондықтан әр жігітке жеті өнер де аз деп Қайнолла ағамыз жайлы айтылғандай.

Бірнеше салада абыройлы еңбек етіп, бірнеше мамандықты меңгерген жан-жақты маман иесі 2022 жылы «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Сондай-ақ әр жылдары ол облыс әкімінің Алғыс хатына, аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатына ие болған өз ісін мейлінше. Бұл жоғары марапаттар – Қайнолла Тоқаулының көпжылғы адал еңбегінің жемісі екені айдан анық.

Содан болар, елге адал еңбек етіп жүрген әрбір қызметшінің маңдай тері ел дамуына қосқан зор үлес деп білеміз. Олай болса, өз ісін маңдарына мерейлі мереке қарсаңында талай табыс тілеп, Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтері жемісті болсын дейміз!

23 МАУСЫМ - ПОЛИЦИЯ КҮНІ

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ

Жыл сайын 23 маусымда бейбіт күнде қазақстандықтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін күзететін полициялар күні аталып өтеді. Осыған орай, біз бүгін аудандық полиция бөлімінде қызмет атқаратын ұтаскелік полиция инспекторы Самат Әнуарұлы Мейрамов жайлы әңгімелейміз.

Самат Әнуарұлы 1985 жылы 14 қарашада бұрынғы Возвышен ауданы Ленино ауылында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті тәмамдап, 2002 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Төрт жыл оқып, 2006 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша диплом алып шығады.

Жоғары білімді жас жігіт бірден Отан алдындағы борышын өтеуді шешіп, күзде Қарулы күштер қатарына аттанады. Жаркент қаласындағы №74261 әскери бөлімінде бір жыл мерзімді әскери қызмет атқарған соң, Самат туған еліне оралады.

2008 жылы ішкі істер органдарына жұмысқа кіру туралы шешім қабылдаған кейіпкеріміз СҚО ІІД жол полициясы жеке батальонының Булаевта орналасқан стационарлық бекетінің жол полициясы инспекторы болып жұмысқа кіреді. Бұл лауазымда Самат Мейрамов 2013 жылға дейін абыройлы қызмет атқарып, аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің табиғат қорғау полиция тобының инспекторы болып ауысады. Ал 2021 жылы Таман ауылдық округінің ұтаскелік инспекторы лауазымына тағайындалады. 2024 жылдан қазіргі уақытқа дейін Авангард және Мағжан ауылдық округтерінде ұтаскелік инспекторы қызметін атқарып келеді.

Самат Әнуарұлы 2012 жылы «Көкше» Академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша аяқтап, алған білімі мен тәжірибесін бүгін өз қызметінде пайдаланып келеді.

Мәселен, өзіне бекітілген аумақта тәжірибелі сақшы үнемі қылмыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізіп тұратындықтан ешқандай ауыр қылмыстарға жол бермеген. Бұл оның басшылық тарапынан жүктелген міндеттерді асқан жауапкершілікпен

атқарып, тұрғындар арасында жол жүру ережелері, абаттандыру, алаяқтықтарға жол бермеу және де басқа да бағыттар бойынша профилактикалық және түсіндіру жұмыстарының нәтижесі екені сөзсіз.

Полиция қызметкері ретінде мен ауылдықтармен күнде кездесіп, қылмыстардың алдын алу бойынша әңгіме өткіземін. Әсіресе, абаттандыру қағидаларын сақтау, алаяқтардың арбауына түсіп қалмау, жасөспірімдердің арасында түрлі құқықбұзушылықтарға жол бермеу бойынша күнделікті жұмыс істеймін. Өзіме бекітілген «Chevrolet Cobalt» қызметтік автокөлігімен екі ауылдық округтердегі елді мекендерді аралап, қоғамдық тәртіпті сақтауды қатаң бақылаймын. Бұл ретте, жергілікті әкімдіктермен, шаруа қожалықтарымен және мектеп ұжымымен тығыз қарым-қатынастамын. Осылайша, бір-бірімізге қолдау көрсете отырып, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін күзетуге өз үлестерімізді қосып келеміз, - дейді полицияның ұтаскелік инспекторы.

Шынында да бүгінгі таңда полиция қызметкеріне қойылатын талап өте жоғары. Біріншіден, ол жан-жақты болуы керек. Білімі жоғары, спорттық меңгерген, сыйлайы, ілтипатты, ең бастысы, халықпен тіп табыса алуы шарт. Бүгінгі күні полиция қызметкерлерінің тек мінездемесі, кәсіби біліктілігі ғана емес, сыртқы сымбаты назарға алынған. Полиция қызметкерінің жағымды имиджін қалыптастыру тұрғысында тығғылықты жұмыс атқарылуға.

Полиция майоры Самат Мейрамов дәл осы талаптарға сай, алған білімі мен жинақтаған тәжірибесі мол. Халық арасында және ұжымда зор беделге ие тұлға. Өйткені ол «Шебер» сыныптылығына ие офицер.

Одан қалды, біздің кейіпкеріміз полиция бөлімінің қоғамдық және



спорттық өміріне белсене қатысып жүрген белсенді қызметкер. Мәселен, ол әр жылдары аудандық полиция бөлімінің шайбалы хоккей командасы құрамында облыстық жарыстың чемпионы әрі бірнеше жүлдегері атанған спортшы. Бүгінгі күнге дейін ол дене шынықтырумен айналысып, футбол, волейбол және жекпе-жек сияқты спорт түрлерін серік етіп келеді. Себебі, тәртіп сақшысының физикалық дайындығы ылғи жоғары деңгейде болуы шарт.

17 жылдай құқыққорғау органдарында абыройлы еңбек етіп келе жатқан тәртіп сақшысы әр жылдары «Қазақстан полициясына - 25 жыл», III дәрежелі «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» және «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медальдарымен марапатталған.

Самат Әнуарұлының жары Гүлжан да полиция қызметкері, ол аудандық пробацация бөлімінде лейтенант шенінде қызмет етеді.

Осылайша, мағжандықтардың өмірі мен тыныштығын сақтауға үлес қосып келе жатқан офицерлер жанұясы

Санжар, Әділхан және Жарқын есімді үш ұл тәрбиелеп, анасы Әсия Көрімқызын қуанышқа бөлеп отыр.

Сөзімізді қорытындыласақ, расында да полиция қызметі ерқашан ержүрек, батыл және адал, кез-келген уақытта өзгелер үшін өзін тәуекел етуге дайын, рухы күшті адамдардың ісі болған және солай болып қала береді.

Ендіше, мақаламызға арқау болған кейіпкерімізді және барша полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз. Азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен бүгінгі және ертеңгі күнге деген сенімдері Сіздердің кәсіби біліктіліктеріңізге, табанды азаматтық ұстанымдарыңызға және ерік-жігерлеріңізге тікелей байланысты. Сондықтан Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, ұзақ өмір және отбасылық игілік тілейміз! Өздеріңізге жүктелген кәсіби міндеттеріңізді адал орындап, қиын да жауапты істеріңізде жетістікке жете беріңіздер!

Бетті дайындаған
Еркін ТӨЛЕГЕН.

САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛКЕСІНДЕГІ БАЙЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

Жалғасы. Басы өткен сандарда.

**НҮРБАЙ ДАНИЯРОВ – ХАЛЫҚ ЖАУЫ
ДЕП ТАНЫЛҒАН, ОТБАСЫМЕН БІРГЕ
ҚҰҒЫНДАЛҒАН БАЙ**

Нұрбай Данияров да Булаев ауданының тұрғыны. Оның отбасы бес адамнан тұрса, соның үшеуі – көмелетке толмаған балалар. 1919 жылы оның иелігінде 25 жылқы, 15 сиыр, 4 егіз, 10 бас жас мал және 5 десятина жер болған. Еңбекке жарамды үш батрақты (екі тұрақты, бір маусымдық) ұстаған. 1928 жылға дейін де шаруашылығы сол қалпында сақталған: 20 жылқы, 15 сиыр, 5 егіз, 15 қой және 10 десятина егістік.

Данияров кеңесуіменің саясатына қарсы белсенді наразылық білдіріп, үгіт жүргізген. Ол өзінің шаруашылығын бөлшектеп, малын уақытша беріп, төркілеуден құтылмақ болған. Кеңестік құжаттарда ол «тап жауы», «коллективизацияға қарсы шыққан», «астық тапсырудан бас тартқан», «малын алып, отбасы мүшелерімен бірге қашып кеткен» деп сипатталған. Қашқанда, тіпті, колхоздың малын да алып кеткені жазылған. Бұл – кеңестік билік үшін кешірілмейтін «кылмыс» еді.

Оның шаруашылығы 1932 жылдың 18 қаңтарында тәркіленіп, өзі «социально-опасный элемент» ретінде қуғындалды. Қайда кеткені белгісіз, ал ақталғаны туралы мәлімет жоқ, бұл оның тағдырының беймәлім күйде қалғанын көрсетеді.

**МҰҚАН ДАНИЯРОВ – «БАЙ» БОЛҒАНЫ
ҮШІН ҚҰҒЫНДАЛҒАН**

Мұқан Данияров – Булаев ауданының №8 ауылда да дүниеге келген. 1926 жылғы мәліметтерге сүйенсек, оның иелігінде 60 жылқы, 50 ірі қара, 45 қой болған. Халқының тұрмысын жақсартып, еңбек күші ретінде 2 тұрақты және 3 маусымдық жұмысшы ұстаған. Алайда бұл жағдай кеңестік жүйе үшін «қанаушы таптың» өкілі болудың белгісі еді.

1930 жылға қарай мал саны едәуір азайғанымен, Мұқанға тағылған айыптар күшейе түсті. Ол кеңес заңына бағынбады, колхоз құрылысына қарсы шықты, жұмысшыларды жалдады деген желеумен 1928 жылы сайлау құқығынан айырылды, ал 1931 жылы 27 шілдеде оның шаруашылығы тәркіленіп, өз із-түсіне кетті. Мұқан «әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде қуғын-сүргінге ұшырап, туған жерінен қуылды. Бұл тағдыр – кеңестік жүйенің байларды жою саясатының нақты көрінісі.

**АҚБЕРГЕН ЖҰНІСОВ – АУҚАТҚЫ БОЛУ
КҮЛМЫС ПА?**

1883 жылы дүниеге келген Ақберген Жұнісов де – Булаев ауданындағы Ідіріс қажы ауылының тумасы. 1919 жылы-ақ бай адам ретінде белгілі болған: 50 жылқы, 30 сиыр, 10 бұқа, 50 бас жас мал мен егістікке арналған 11 десятина жері болған. Ол да еңбекті ұйымдастырып, 1 тұрақты және 1 маусымдық жұмысшы ұстаған. Кеңестік үкімет үшін бұл – оның «тап жауы» екенін дәлелдейтін тағы бір себеп.

1929 жылы ол колхоздандыру саясатына қарсы шықты деп айыпталып, 5000 рубль алып ізін сүйтқан. Бұған қоса, оның «аты шулы бай» Мәлік Айдарбековтың туған інісі екені көрсетіліп, жағдайы ауырлай түсті. 1932 жылы 18 қаңтарда Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен Ақберген де «бай» ретінде қуғындалып, туған жерінен тыс жерге жер аударылды.

**ЕЛУБАЙ ЖҰСІПОВ – ДІН МЕН ДӘСТҮРДІ
ҰСТАНАН ТҮЛҒА**

Елубай Жүсіпов да Первомай ауылдық кеңесінің тумасы. Бай өрі молла ретінде ол кеңестік билік үшін қос қабат «қауіпті элемент» саналды. 1919 жылы оның қолында 10 жылқы, 8 сиыр, 2 бұқа, 4 жас мал және 10 қой болған. Ол бір тұрақты және бір маусымдық жұмысшы ұстаған, сонымен қатар 500 рубль көлемінде «нетрудовые доходы» (еңбекпен келмеген табыс) көрсетілген. Бұл оның тек мал шаруашылығымен ғана емес, сауда немесе өзге де дәстүрлі жолдармен табыс тапқанын білдіреді.

1930 жылы оның малы азайғанымен, әлі де 30 бас мал ұстаған. Ол кеңестік реформаларға қарсы пікірлер айтып, «антисоветтік әңгімелер жүргізген», «халықты астық дайындау жоспарын орындамауға шақырған». Бұған қоса, ол өз шаруашылығын «добрение» тәсілімен сақтап қалуға тырысқан – яғни малын уақытша басқа адамдарға беріп, төркілеуден аман алып қалуға ұмтылған.

Саяси қарсыласуы үшін Елубай Жүсіпов 1928 жылы сайлау құқығынан айырылып, 1931 жылы 27 шілдеде Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен кулақ ретінде жер аударылды.

**ЖАРМАҒАБАЙ (ЖАМАТАН) ЖАҚЫПОВ:
ЫҚПАЛДЫ БАЙ, ХАЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ**

1870 жылы туған Жармағабай Первомай ауылдық кеңесіне қарасты Шақдақ ауылда да дүниеге келген. Кеңестік кезеңге дейін ол ірі мал иесі болған. 1917 жылы 100 жылқы, 30 сиыр, 4 бұқа, 40 қой иеленіп, шаруашылығында жалдамалы жұмысшыларды – 1 тұрақты, 1 маусымдық батрақты ұстаған. 1930 жылы да оның қолында 30 жылқы, 20 сиыр және 60 қой



болып, үш тұрақты жұмысшыны жұмыспен қамтыған.

Кеңес үкіметі оны «жұмысшыларды қатты қанаған» деп айыптап, 1929 жылы сайлау құқығынан айырды. Ары қарай оның белсенді саяси позициясы – «антисоветтік үгіт жүргізді», «жергілікті халыққа ықпалы зор» – деп сипатталды. 1931 жылы мемлекеттік астық дайындау жоспарын орындамағаны үшін сотталып, сол жылы 27 шілдеде оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен бірге жер аударылды.

Алайда бұл қуғын оның тағдырындағы ең ауыр кезеңнің бастауы ғана еді. 1937 жылы 6 қыркүйекте Жармағабай «контрреволюциялық әрекеттер» бабы (58-10, 58-11-баптар) бойынша тұтқындалып, сталиндік репрессияның құрбанына айналды. Тек 1961 жылы 28 маусымда Солтүстік Қазақстан облыстық сотының шешімімен ақталды. Бұл – оның жазықсыз жапа шеккенінің ресми мойындалуы болды.

**АЯЗБАЙ ЖАРҒАКОВ: САУДАМЕН
АЙНАЛЫСҚАН, ҚҰҒЫҒА ҰШЫРАҒАН
ДӘУЛЕТТІ ҚАЗАҚ**

Аязбай Жарғаков – Первомай ауылдық кеңесіне қарасты №8 ауылда (Писаревка) өмір сүрген. Байлығы мен кәсіпкерлігімен кезге түскен: 1918 жылы 75 жылқы, 40 сиыр, 12 бұқа, 15 жас мал және 35 қой иемденіп, 20 десятина жерге егін салған. Оның шаруашылығында шөп шабатын техника, сепараторлар, арбалар, күрделі ауылшаруашылық инвентарі болған. Еңбекқорына 10 тұрақты, 2 маусымдық жұмысшыны ұстаған.

Жарғаков тек шаруашылықпен шектелмей, саудамен де айналысқан – тауар тасымаумен Орта Азиядан жүргізіп, 1000 рубльге жуық «нетрудовые доходы» көрсетілген. Кеңестік билік оны «спекулянт», «контрреволюционер» деп таныды. Оның әкесі Жарғақ – ақтақ барымташы, ал анасы Сәдуақас – ақтармен байланыста болғаны үшін айыпталды. Аязбайдың өзі де азамат соғысы кезінде «ақ армия мен бандылар құрамында болды» деп сипатталып, бұрын сотталғаны көрсетілген.

1930 жылы ол малмен сауда жасады, ал астық дайындау жоспарын әдейі орындамай, егіс көлемін қысқартқаны үшін сынға алынды. Кеңестік құжаттарда Аязбай «әлеуметтік қауіпті элемент», «антисоветтік насихатшы» ретінде көрсетіліп, оның әрекеті – малды уақытша таратып, төркілеуден қашу – «қасақана» деп бағаланды. 1931 жылы 27 шілдеде шаруашылығы тәркіленіп, өзі қуғын-сүргінге ұшырады.

**СӘДУАҚАС ЖАРҒАКОВ: БИЛІК ИЕСІ,
ҚҰҒЫҒА ТҮСКЕН ҚАУІПТІ ЭЛЕМЕНТ**

Сәдуақас Жарғаков – Булаев ауданы. №8 ауылда дүниеге келген, дәулетті де ықпалды бай. Оның мал-мүлкі мен шаруашылығы кең көлемде дамыған: 1918 жылы 60 жылқы, 20 сиыр, 12 бұқа, 40 қой ұстаған, 10 десятина жерге егін сепкен. 1922–1928 жылдары ол өзінің мал санын ұлғайтып, 75 жылқы, 15 сиыр, 10 бұқа иеленген. Шаруашылығында ауылшаруашылық техникалары (шөп шабатын машиналар, басқа да құралдар) болған.

Алайда кеңестік билік оны бұрынғы «волюстный управитель» ретінде және азамат соғысы кезінде Керенский мен Колчак билігімен байланыста болғаны үшін «контрреволюциялық элемент» ретінде қарастырды. Сотталған баптары қатарында бұрынғы воровствоға қатысты 166-бап көрсетілген. Кеңес деректерінде ол «мал ұрлаған», «спекулянт» болған делінген.

Сәдуақас Жарғаков та өзге байлар сияқты ұжымдастыру басталғалы бері антисоветтік көзқарас ұстанып, малын төркілеуден сақтау үшін малдарын бөлшектеп, уақытша таратып

беріп отырған. Ең басты айыптарының бірі – 1930 жылы ет дайындау науқаны кезінде жергілікті ел ақсақалдарына 10 жылқы, 20 қой сойып бергені – кеңестік билік үшін бұл «малдың ысырап етілуі» болып бағаланды.

1931 жылғы 27 шілдедегі шешім бойынша оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі «қоғамға қауіпті элемент» ретінде ауданнан қуылды.

**ӘБІЛДЕ ЖҰМАБАЕВ: ҚҰҒЫННАН
ҚҰТЫЛУ ЖОЛЫН ІЗДЕГЕН БАЙ**

Әбілде Жұмабаев (Мағжан Жұмабаевтың ағасы) – №8 ауылдың байы, екі адамнан тұратын шағын отбасы болса да, мал саны мен кірісі оны дәулетті санатқа қосқан. 1919 жылы ол 25 жылқы, 10 сиыр, 4 бұқа, 15 қой ұстап, 500 рубль көлемінде «нетрудовые доходы» алған. Жалғыз тұрақты және бір маусымдық жалдамалы жұмысшыны пайдаланғаны үшін сайлау құқығынан айырылды.

1929 жылы оның шаруашылығы кішірейсе де (16 жылқы, 4 сиыр, 18 қой, 5 десятина егістік), еңбекші тапқа қарсы бағытталған көзқарасы өзгермеді. Коллективизацияға қарсы болғаны, мемлекеттік жоспарларды орындамағаны үшін 1930 жылы сотталған. Бұл кеңестік саясатқа қарсылық білдіргені үшін қолданылған қатаң шара еді.

Репрессиядан қашу мақсатында ол Ыстықкөл өңіріне – Қырғызстаннан Шалабай (Шалықбай) ауылы маңына кетіп, кейін Стаханов атындағы колхозға орныққан. Бірақ 1931 жылғы 27 шілдедегі шешім бойынша оның мүлкі тәркіленіп, өзі сырттай қуғындалған.

**ЖҰМАБАЙ ЖЫЛҚЫБАЕВ: ТІРШІЛІГІНЕ
АДАП, ТАҒДЫРЫНА ӘДІЛЕТСІЗДІК
ШАҢШЫЛҒАН**

Жұмабай Жылқыбаев – Булаев ауданы, №8 ауылдың тұрғыны. Өз заманында еңселі шаруашылық иесі болған. 1918 жылы оның қолында 50 жылқы, 25 сиыр, 10 бұқа, 30 жас мал болған. 1928 жылы мал басы сөз азайғанымен, 45 жылқы, 20 сиыр, 30 қой мен 5 десятина егістігі сақталған. Шаруашылықты жүргізуде 2 тұрақты және 1 маусымдық жалдамалы жұмысшының еңбегін пайдаланған.

Кеңестік билік үшін бұл – байлық пен «таптық қанаудың» айғағы болды. Құжаттарда Жұмабайдың «антисоветтік насихат жүргізгені», «колхоз құрылысына қарсы болғаны», «жоспарлы ет пен астық тасыруды орындамағаны» көрсетілген. Кеңестік органдар оның малын жасыру әрекеттерін, тіпті 100 бас малын санақтан тыс қалдырғанын айып ретінде тіркеген. Бұған қоса, ұлы Әбділдің «пара беру» айыбымен сотталуы да оның үстіндегі қысымды күшейтті.

1931 жылғы 27 шілдеде оның шаруашылығы «кулақ» ретінде тәркіленіп, отбасы аудандағы мекенінен тыс жерге жер аударылды. Бірақ қуғын мұнымен бітпеді. 1937 жылы 9 тамызда Булаев аудандық НКВД бөлімі оны тағы да тұтқындады. Сол жылдың 13 қыркүйегінде Солтүстік Қазақстан облыстық үштігі (тройка) оны КСРО ҚК 58-10 және 58-11 баптары бойынша ату жазасына кесіп, үкім дереу орындалды.

Жазықсыз жазаның әділетсіздігі тек 1989 жылы мойындалды. 31 наурызда Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы оны толық ақтап, құрбандар қатарына қосты.

**ЫСҚАҚ ИБРАЕВ: ЖОҚТЫҚТАН ШЫҚҚАН,
ҚУДАЛАУДАН ҚҰТЫЛМАҒАН**

Ысқақ Ибраев – 1896 жылы туған, №8 ауылдың байы. Кеңес билігі оны «1919 жылдан бастап спекуляциямен айналысты», «еңбек етпеді, тек жалдамалы жұмысшылардың күшімен шаруашылық жүргізді» деп айыптаған. 1920 жылдан бастап кулактармен араласып, колхоз құрылысына ашық қарсы шыққаны, жаңа

билікке, әсіресе кедейлерді басшылыққа тарту бастамасына қарсы үгіт жүргізгені таттамаға түскен.

Ол туралы құжаттарда: «Агитатор-группировщик, колхоз құрылысын бұзуға бағытталған насихат жүргізуші» деп сипатталған. Шаруашылығы нақты көрсетілмесе де, ол да 1931 жылы 27 шілдеде «кулақ» ретінде айыпталып, қашып кеткен жері – Қырғызстанның Торауы ауылы деп көрсетілді. Осындай әрекеті үшін Ысқақ Ибраев сырттай сотталып, 58-10 бабы бойынша саяси айыппен қуғынға ұшырайды.

Оның кінәсіздігі тек 1990 жылы 2 қазанда Қазақстан Жоғарғы Сотының сот алқасымен мойындалып, ақталған.

**ЖҰМАБИКЕ ИБРАЕВА: БАЙЛЫҚ ПЕН
БЕДЕЛ – АЙЫП ПА ЕДІ?**

Жұмабике Ибраева – Булаев ауданы, №8 ауылдың байы ретінде танылған. Отбасында 4 адам болған, соның ішінде 1 бала – 14 жасқа толмаған. 1919 жылы оның иелігінде 15 жылқы, 13 сиыр, 2 бұқа, 3 жас мал мен 5 қой болған. Бұл көрсеткіш бір қарағанда аса ірі байлық емес. Бірақ 1929 жылы оның иелігінде 7 жылқы, 8 сиыр, 15 бас жас мал, 40 қой мен 2 десятина егіс алқабы болғаны – дәстүрлі қазақ отбасы үшін жеткілікті тіршілік көзі.

Ол бір ғана маусымдық жалдамалы жұмысшыны пайдаланғаны үшін және колхоз құрылысына іштей қарсы шыққаны үшін бай ретінде айыпталып, 1931 жылдың 27 шілдедегі шешіммен оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен бірге аудандағы тұрақты мекенінен тыс жерге жер аударылды.

Архив құжаттарында оның кеңестік билікке деген көзқарасы сипатталып: «Совет өкіметіне деген көзқарасы сырттай бейтарап, іштей теріс. Жергілікті кедейлерді ет сақтықпен болса да қанауға ұмтылады» делінген.

Мемлекетке астық және ет тапсыру жоспарынан бас тартуы – оның негізгі айыбына айналған.

Жұмабике – қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің бірі ретінде қазақ тарихындағы ерекше тұлға. Ер адамдармен қатар, ел ішінде сезін өткізе алатын, шаруашылығын жүргізе білген әйелдердің де саяси жазалау объектісіне айналғанын дәлелдейді.

**СЫЗДЫҚ ҚЫРҒЫЗБАЕВ: СӨЗГЕ ҰСТА,
ЕЛГЕ БЕДЕЛДІ, КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕГЕ
ҚАУІПТІ**

Сыздық Қырғызбаев та №8 ауылдың байы ретінде танылған. 1917 жылғы мәлімет бойынша ол 30 жылқы, 25 сиыр, 4 бұқа, 10 бас жас мал және 20 қой ұстаған. Қолында 2 десятина егістік жері де болған. Ал 1929 жылы бұл көрсеткіш едәуір қысқарып: 10 жылқы, 8 сиыр, 4 жас мал, 15 қой және 1,5 десятина жер қалды.

Ол да жалдамалы еңбекке жүгінгені үшін 1928 жылы сайлау құқығынан айырылды. Алайда биліктің шынайы үәжі – оның кеңестік бастамаларға қарсы ашық ұстанымы болды.

«Колхоз құрылысын және кедейлердің кеңес органдарындағы белсенділігін қолдамады, халыққа ықпалы зор, өзінің малын басқа адамдардың атына жазып, табысын жасыруға тырысады», – делінген ресми құжатта.

1931 жылғы шілде айындағы шешіммен оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі жер аударылды.

Сыздық Қырғызбаев – тек мал иесі емес, ауыл арасында беделді, сөзі етімді тұлға болған. Кеңестік билік дәл осындай тұлғаларды «әлеуметтік қауіпті элемент» деп танып, репрессиялық саясаттың нысанына айналдырды.

**ҚЫРЖЫНБАЙ КӨПЖАСАРОВ:
ЕҢБЕГІМЕН МАЛ ЖИҒАН,
ЕЛІНЕ СИЙЛЫ АДАМ**

Қыржынбай Көпжасаров – алты балалы отбасының тірегі, өз заманында бай саналған. 1917 жылғы мәліметке қарағанда, оның қолында бар-жоғы 2 жылқы, 3 сиыр және 10 қой болған. Бұл – қарапайым шаруаның малы. Алайда 1929 жылы оның жағдайы жақсарған: 10 жылқы, 20 сиыр, 2 жас мал, 18 қой, 5 десятина егіс жері, бір шөп шабатын құрал, бір тырма және бір сүт сепараторы бар еді.

Ол кеңестік биліктің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатына қарсы шығып, астық және ет тапсыру жоспарына бағынудан бас тартқан. Осы әрекеті үшін «әлеуметтік қауіпті элемент» деп танылып, жеке салықпен жазаланды. Бұған қоса, спекуляциямен айналысты деген айып тағылып, 1929 жылы сайлау құқығынан айырылды. 1931 жылдың 27 шілдеде оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен бірге жер аударылды.

Қыржынбайдың тағдыры – кеңестік идеологияға сай келмеген ербір азаматтың қаншалықты қатал жазаланғанын көрсететін мысал.

**Самат ЖҰМАТАУЫЛЫ,
Шоқан Уәлиханов атындағы
тарих және этнология институтының
ғылыми қызметкері, жас ғалым.**

(Жалғасы бар).

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ORKEN.OTBASYBANK.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ТҮРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТ РЕТІНДЕ ЕСЕПКЕ ТҰРА АЛАДЫ



24 мамырдан бастап барлық қазақстандықтар – санатына қарамастан **orken.otbasybank.kz** порталы арқылы тұрғын үй есебіне онлайн тұра алады

Кезексіз, қағазбастылықсыз – барлығы оңай және цифрлық форматта!

Азаматтар үшін Отбасы банкінің ("Бәйтерек" холдингінің еншілес ұйымы) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" ақпараттық жүйесі қолжетімді болады. Ол **orken.otbasybank.kz** порталында орналасқан.

Азаматтар 2025 жылдың 24 мамыры сағат 9.00 бастап осы платформада тұрғын үйге мұқтаж жан ретінде өтініш бере алады және есепке тұра алады. Ол үшін қолданыстағы ЭЦҚ пайдалана отырып, сайтта авторизациядан өту қажет болады.

2025 жылдың 24 мамырына дейін қазақстандықтар **orken.otbasybank.kz** жаңа порталымен танысып, онда жарияланған ақпаратты қарай алады.

Тұрғын үйге мұқтаж жан ретінде есепке тұрау өтінім берген кезде жүйе үміткердің талаптарға сәйкестігін автоматты түрде тексереді. Егер ол көмекетке толған азамат болса және оның, сондай-ақ оның отбасы мүшелерінің соңғы 5 жыл ішінде меншік құқығында тұрғын үй болмаса, онда ол тізімге енгізіледі.

Азаматтарды тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою – бұл мемлекеттік қызмет. Бұл қызметті көрсету мерзімі – бір жұмыс күні. Егер өтініш беруші өтінімге сканер-

ленген құжаттарды (мысалы, тұрғын үйдің апатты екенін растайтын құжаттар) қоса берсе, онда қызмет көрсету мерзімі үш жұмыс күнін құрайды. Яғни, егер азамат демалыс күні өтініш берсе, онда есепке алу демалыс күнінен кейінгі жұмыс күні іске асырылады.

Жүйе жылжымайтын мүліктің болуын ғана емес, отбасылық жағдайын, тұрғын үйге мұқтаж адамның мәртебесі мен санатын және тағы басқаларын автоматты түрде тексереді. Яғни, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" жүйесінде өтініш берушінің цифрлық портреті жасалады. Бұл отбасының құқықтық және әлеуметтік мәртебесін, оның табысын, қандай да бір әлеуметтік төлемдерді, зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды алушы болып табылатынын, басына бар-жоғын көру үшін қажет. Осы деректерге сүйене отырып, өтініш берушіге болашақта тұрғын үй мәселесін шешуде мемлекеттік қолдаудың әртүрлі шаралары ұсынылатын болады.

Азаматтардың барлық деректерін автоматты түрде тексеру үшін банк 14 мемлекеттік деректер базасымен және ақпараттық жүйелермен біріктірілген.

Тұрғын үйге мұқтаж жан ретінде есепке алу үшін өтінім берген кезде әрбір өтініш беруші мен оның отбасы мүшелеріне дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру туралы 1414 нөмірінен SMS-хабарлама келеді. Бұл хабарламаға жауап беру керек.

Orken.otbasybank.kz порталында тұрғын үйге мұқтаж жан ретінде есепке тұру үшін кім өтініш бере алады?

2025 жылдың 24 мамырынан бастап тұрғын үйге мұқтаж жан ретінде есепке келесі азаматтар тұра алады:

- соңғы бес жыл ішінде меншік құқығында тұрғын үйі жоқ, көмекетке толған қазақстандықтар;
- жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылған қазақстандықтар.

Табысы қандай деңгейдегі азаматтар мемлекеттік қолдау шараларына үмітті бола алады?

Қазақстандықтарға тұрғын үй мәселесін шешуде қолдау көрсету оларға тегін пәтер беруді білдірмейді.

Банк тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың цифрлық портретін қалыптастыратын болады және олардың әлеуметтік санатына, отбасы табысына қарай тұрғын үй

мәселесін шешу құралдары ұсынылатын болады. Атап айтсақ:

- тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау;
- жергілікті атқарушы органдардың жалға берілетін тұрғын үйі;
- тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде ең төменгі бастапқы жарнамен және жылдық 2%-дан (ЖТСМ 2%-дан 2,1%-ға дейін) және 5%-дан (ЖТСМ 5,2%-дан 5,8%-ға дейін) мөлшерлемелері бойынша тұрғын үй бағдарламалары;
- "Наурыз" бағдарламасы және "Наурыз жұмыскер" бағыты.

Мемлекеттік қолдау шаралары қалай бөлінеді?
Азаматтарға жергілікті әкімдіктерден жалға берілетін тұрғын үй немесе әлеуметтік тұрғын үй сатып алу үшін жеңілдікті кредиттер берілген кезде банк азаматтардың есепке тұру күніне негізделетін болады. Бұл ретте тұрғын үйдің жалпы көлемінің кемінде 70% мемлекеттік қолдау шеңберінде тұрғын үй мәселесін шешуге бірінші кезектегі құқығы бар азаматтардың санаттарына берілетін болады.

Мемлекеттік қолдау шеңберінде тұрғын үй мәселесін шешуге бірінші кезектегі құқық кімдерге беріледі:
- Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендерге, басқа мемлекеттер аумағындағы іс-қимылдар ардагерлеріне;
- жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- көп балалы аналар мен көп балалы отбасыларға;

- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;
- 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
- жесір әйелдер мен түп еркектерге.

Тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың қазіргі базасы не болады?

Азаматтардың барлық қолданыстағы базасы әкімдіктерден 2025 жылдың 17 маусымынан кейін Отбасы банкіне берілетін болады. Бұл мерзім әкімдіктерге 2025 жылдың 24 мамырына дейін қабылданған барлық өтінімдерді өңдеуге және тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қоюға уақыт жеткілікті болуы үшін қажет.

Банк қазір азаматтарға **egov.kz** базасына енгізілген жеке құжаттар мен деректердің өзектілігін тексеруді ұсынылады. Атап айтсақ бұл: жеке көуелі, отбасы жағдайы, отбасы мүшелері туралы деректер, жылжымайтын мүліктің болуы, тіркеу мекенжайы және т.б. Сондай-ақ ЖСН бойынша **kezekte.kz** базасында көрсетілген ақпараттың дұрыстығын тексеру қажет және сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, өзгерістер енгізу үшін әкімдікке жолығу керек.

Сондай-ақ, ЭЦҚ-ның міндетті түрде болуы және мобильді азаматтар базасында үміткердің мобильді нөмірін тіркелуі болуы керек. Оны **egov.kz** порталында тексеруге болады. Бұл 1414 бірінші байланыс орталығынан хабарламалар мен СМС-парольдерді алу үшін қажет.

Не себепті азаматтарды есепке тұрғызыауы мүмкін:
- егер соңғы бес жыл ішінде меншік құқығында тұрғын үйі бар немесе болған жағдайда;

- егер азаматтың пайдалануында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй болса;

- ұсынылған құжаттарда және (немесе) мәліметтерде дәйексіз деректер болған жағдайда;

- егер азамат бұрын мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алған және жекешелендірген жағдайда;

- егер азаматтың апатты деп танылады жалғыз тұрғын үй болса, бірақ ол басқа елді мекенде орналасқан. Мысалы, апатты деп танылған тұрғын үй Алматы облысында орналасқан, ал азамат Алматы қаласында кезекке тұруға талпынуда;

- егер мемлекет қолдауымен ипотекалық заемдарды пайдалана отырып, меншікке тұрғын үй сатып алса.

Отбасы банкпен іделген заамдар беру және мемлекеттік қолдау процестерінде толық ашықтықты қамтамасыз етеді. Тұрғын үй мұқтаж азаматтар есебінде тұрған және мемлекеттік қолдауымен өзінің тұрғын үй мәселесін шеше алған азаматтардың тізімдері соңғы 2 жыл ішінде банктің ресми сайтында жарияланатын болады.

Жанар ЖОЛТАЕВА,
«Отбасы банк» АҚ
баспасөз хатшысы.

БАЙҚАУ

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Байқауға қатысу және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау жұмыстарын жандандыру.

Байқау өткізудің міндеттері:

- 1) мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мемлекеттік тілдің өзекті мәселелеріне арналған мақалалар, теле-, радиобағдарламалар арқылы жұртшылықтың санасын жаңғырту;
- 3) қазақ тіліндегі контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

3. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет).

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылады.

5. Байқауға қатысу үшін Ереженің 9-тармағында көрсетілген номинацияны біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерлеген) **baqkonkurs@gmail.com** электронды поштасына «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына» деген белгімен 2025 жылғы 1 шілде сағат 24.00-ге дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

- 1) осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім;
- 2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-

басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар (2 мақала), теле-, радиобағдарламалар (1 бағдарлама);

3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скриншоттары (мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым, интернет-ресурстар), теле-, радиобағдарламалардың жазбасы.

6. Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін Байқауға қатысу үшін ұсынылған өтінім қабылданбайды.

7. Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

8. Байқау материалдарын бағалау өлшемшарттары:

- 1) тақырыпқа сәйкестігі;
- 2) қамтылған ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы;
- 3) мәселені талдау тереңдігі;
- 4) материалды жеткізу шеберлігі.

9. Байқау екі номинациядан тұрады:

- 1) «Үздік мақала»;
- 2) «Үздік теле/ радиобағдарлама».

10. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасы құрамына кемінде бес адамнан тұратын тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандары, ғалымдар кіреді.

11. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы Байқаудың екі номинациясы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

12. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

13. Байқауға кәсіби журналистер, теле-визия және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына

сәйкес мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жариялаған Қазақстан Республикасының басқа да азаматтары қатыса алады.

14. Байқауға соңғы 3 жылда бас жүлде және бірінші орын алған жеңімпаздар қатыстырылмайды.

15. Байқауға қатысушылардан отандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейту жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі материалдар қабылданатын. Материалдар аналитикалық талдаулар, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Материалдарда қазақ тілінің қолданысын кеңейтудің тиімді жолдары көрсетілуі тиіс.

16. Үміткерлердің Байқауға ұсынған материалдар олардың кәсіби біліктіліктерін, мультимедиялық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, мемлекеттік тілді дамытудың заманауи модель көпшілікке аша алуы қажет. Материалдар бағалау барысында авторлардың заманауи біліктіліктері, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де ескеріледі.

17. Байқауға қатысушы коммуникациялық ресурстарды орынды қолданып, заманауи медиатеchnологияларды дестүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы қазақ тілінің қызметі, даму жолдары мен тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндауы қажет.

18. Байқауға қатысушылардың қазақтілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі ескеріледі. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, өркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі.

4. Байқау қорытындысы туралы

19. Байқау жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және жоспарланған жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

20. Байқаудың жеңімпазы мен жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау аяқталғаннан кейінгі 3 жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылады.


Байланыс телефондары: (87172) 74-01-35, 74-09-85.

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне қосымша

нысан

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына қатысуға өтінім

Тері, аты, әкесінің аты	_____
Жасы	_____
Білімі	_____
Қызметі	_____
Мекен жайы	_____
Байланыс телефондары	_____
Мақала, теле-, радиобағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні:	_____
1) _____	
2) _____	
Қосымша ақпарат	_____
Қолы	_____
Күні	_____



Дүйсенбі, 23 маусым	Сейсенбі, 24 маусым	Сәрсенбі, 25 маусым	Бейсенбі, 26 маусым	Жұма, 27 маусым	Сенбі, 28 маусым	Жексенбі, 29 маусым
QAZAQSTAN 06.00, 04.30 ӘНУРАН. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10 «АҒСАҒАН СӘБИ». 13.40, 23.15 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.30, 05.20 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 16.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 АРНАЙЫ ЖОБА. 17.40 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.35 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ. 03.30 САНА. 04.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.	05.45, 04.30 ӘНУРАН. 05.50, 23.50 ФУТБОЛ. 08.00 «ТАՆՏՈԼՈՐ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10 «АҒСАҒАН СӘБИ». 13.40, 23.15 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.30, 05.20 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 16.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.35 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 03.30 САНА. 04.35 ЕҢ ДӨМДІ.	05.45, 04.30 ӘНУРАН. 05.50, 23.50 ФУТБОЛ. 08.00 «ТАՆՏՈԼՈՐ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10 «АҒСАҒАН СӘБИ». 13.40, 23.15 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.30, 05.20 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 16.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.35 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 03.30 САНА. 04.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.	05.45, 04.30 ӘНУРАН. 05.50, 23.50 ФУТБОЛ. 08.00 «ТАՆՏՈԼՈՐ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10 «АҒСАҒАН СӘБИ». 13.40, 23.15 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.30, 05.20 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 16.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.35 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 03.30 САНА. 04.35 ЕҢ ДӨМДІ.	05.45 ӘНУРАН. 05.50 ФУТБОЛ. 08.00 «ТАՆՏՈԼՈՐ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10 «АҒСАҒАН СӘБИ». 13.40, 00.40 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.30, 05.20 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМ». 16.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.25 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 БЕУ. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.10 САНА. 04.10 ЕҢБЕК АДАМЫ 04.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 00.40 АҚПАРАТ. 06.35 ІНЖУ-МАРЖАН. 06.55, 04.15 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАՆՏՈԼՈՐ». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.30, 03.05 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.00 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 16.10, 03.30 ЕҢ ДӨМДІ. 17.20, 01.05 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.25 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 «7-КАМЕРАДАҒЫ ТАҢАЖАЙЫП», X/Ф. 01.45 Д/Ф. 02.30 ТЕЛЕДӨРІПЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.25 М/Ф. 07.15 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.05, 03.50 КОНЦЕРТ. 09.20, 04.25 ТЕЛЕДӨРІПЕР. 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.20 БАУ-БАҚША. 12.25, 22.15 КОНЦЕРТ. 13.40, 03.00 АҚПАРАТ АЙДЫНЫ. 14.00 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 16.10 «ЗАМАН АРТ». 17.00 ӘЙЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.55 АПТА. 20.45, 02.40 МУДДЕ. 20.50, 02.45 АҚОРДА. 21.00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.55 «НАБАТ ОПЕРАЦИЯСЫ», X/Ф. 00.45 ЗАМАНДАСТАР. 03.40 Д/Ф. 04.55 КҮМІС КОМЕЙ.

Дүйсенбі, 23 маусым	Сейсенбі, 24 маусым	Сәрсенбі, 25 маусым	Бейсенбі, 26 маусым	Жұма, 27 маусым	Сенбі, 28 маусым	Жексенбі, 29 маусым
ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 АЛАШҚЫ. 22.30 «ПРОПАВШАЯ НЕВЕСТА», X/Ф. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 ДӘСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕК- ТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «ПРОПАВШАЯ НЕВЕСТА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 АЛАШҚЫ. 22.30 ОЙНАҚ. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ЧЕГО ХОТЯТ МУЖИНЫ», X/Ф. 14.00 «ХХІ ҒАСЫР КОШБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 «ТАКИЯ. ЧТО В ЕЕ ГОЛОВЕ?», X/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БЗДІН НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 21.00 ҚЫЗЫҚ КОНЦЕРТ. 23.30 «КАЗАХИ ПРОТИВ ПРИШЕЛЦЕВ», X/Ф. 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «СЕМЕЙКА БЫГ ФУТОВ». 12.00 «СЕМЕЙНОЕ ОГРАВЛЕНИЕ», X/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.00 ТҮМАР. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ЧЕГО ХОТЯТ МУЖИНЫ», X/Ф. 22.50 «ТАКИЯ. ЧТО В ЕЕ ГОЛОВЕ?», X/Ф. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 23 маусым	Сейсенбі, 24 маусым	Сәрсенбі, 25 маусым	Бейсенбі, 26 маусым	Жұма, 27 маусым	Сенбі, 28 маусым	Жексенбі, 29 маусым
ЕВРАЗИЯ 06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.45 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 Т/С «МАМКИНА ЗВЕЗДОЧКА». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.45 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДИЕТА №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.45 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДИЕТА №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.45 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДИЕТА №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 03.05 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 09.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДЕЛО №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 02.25 НОВОСТИ. 14.15, 02.45 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.50 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ПОЕЗД НА СЕВЕР», X/Ф.	06.00, 03.15 ТОЙ БАЗАР. 07.05 «П@УТИНА». 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.35 «ПОЕЗД НА СЕВЕР», X/Ф. 13.15 Т/С «СВОДНЫЕ СУДЬБЫ». 17.00 «ЛЮБОВЬ СОВЕТСКОГО СОЮЗА», X/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАП МЕН ЕЛ. 20.55 «ПОСЛЕ МНОГИХ БЕД», X/Ф. 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.55 ТОЙ БАЗАР. 06.50, 02.25 «П@УТИНА». 08.45 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «РЕБЕНОК С ГАРАНТИЕЙ», X/Ф. 13.45 Т/С «ДВИГАТЕЛЬ ВНУТРЕННЕГО СТОРАНИЯ». 18.00 «ЗА ЧУЖИЕ ГРЕХИ», X/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «ПРОВИНЦИАЛКА». 01.05 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Мүгеілі қандай болса – мектебі де сондай болмақ.
Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.
Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман.
Сөздің ең ұлысы – тарих.
Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.



БАСПАСӨЗ - 2025

БАЙҚАУ

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!****Сіздерге
2025 жылдың
екінші
жартыжылдығына
жазылу науқаны
аяқталып жатқанын
хабарлаймыз.****Газетке аудандық
пошта және газет
редакциясында
жазылуға болатынын
еске саламыз.****Газетке жарты
жылға жазылу
бағасы -
990 теңге.****Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.****«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» - 2025»
КОНКУРСЫНА ӨТІНІМДЕР
ҚАБЫЛДАНА БАСТАДЫ**

2025 жылдың 2 маусымы мен 18 шілдесі аралығында «Еңбек жолы» байқауына қатысуға ниеттенген үміткерлерден өтінімдер қабылдана бастады.

Конкурс «Үздік еңбек әулеті», «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас қызметкері» номинацияларынан тұрады.

Аталған конкурс жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу мақсатында үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін анықтайды. Конкурс қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыруға және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұраны аясында еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурс 2 кезеңде өтеді: «Еңбек жолы» конкурсы жеңімпаздарын облыстық және республикалық деңгейде іріктеу.

Республикалық комиссия жеңімпаздарды конкурстың әр номинациясы бойынша (бірінші, екінші, үшінші орындар) анықтайды.

Конкурсқа кәсіпорындардың (саласына қарамастан) барлық қызметкерлері қатыса алады.

• «Үздік еңбек әулеті» - ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар ең үлкен әулет таңдалады.

• «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» - кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең белсенді және тиімді тәлімгер



таңдалады.

• «Өндірістің үздік жас қызметкері» - өндірістің еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор қызметкері таңдалады.

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес «Еңбек жолы» облыстық конкурсына қатысу үшін үміткерлерден алынған ресімделген материалдарды «Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-не (Петропавл қ., Абай к., 64) 2024 жылғы 18 шілде күні дейінгі мерзімде қолма-қол ұсыну қажет.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді сондай-ақ олардың тәлімгерлерін Конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

«АҚҚАЙЫҢ» ЛАГЕРІНДЕ АЛҒАШҚЫ МАҰСЫМ АШЫЛДЫ

2025 жылдың 10 маусымында «Аққайың» балалар сауықтыру лагері Мағжан Жұмабаев ауданының мектеп оқушылары үшін қайтадан өз есігін айқара ашты. Осы күні жазғы демалыстың алғашқы маусымы басталып, оған 80 бала қатысты. Маусым ұзақтығы – 7 күн, бір балаға жолдаманың құны – 30 000 теңге. 11 маусымда алғашқы маусымның ашылу салтанаты өтіп, оған аудан әкімінің орынбасары Азамат Сайранұлы Шәріпов қатысты. Ол өз сөзінде балаларды құттықтап, оларға жарқын, қауіпсіз және мазмұнды демалыс тіледі.

Биыл жазғы кезеңде барлығы 7 камтуға мүмкіндік береді. Лагерь-маусым жоспарланған, бұл ауданның де 16 тәжірибелі тәлімгерлер мен медициналық персонал жұмыс істейді.

2025 жылы «Аққайың» лагерінде 83 миллион теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл қаражатқа

тұрғын үйлердің сыртын қаптау, асхананың ішкі және сыртқы жөндеу жұмыстары, лагерь аумағын толық қоршау және басқа да инфрақұрылымды жақсарту жұмыстары атқарылды. Сонымен қатар, демалушылар үшін жана көлеңкелі жаппа үйлер орнатылып, «Берізка» деген жазуы бар атаулы орындықтар қойылды. Бұл жаңартулар лагерь аумағына ерекше жайлылық пен көркемдік сипат берді.

Лагерь аумағында 4 модульді монша, 3 бассейн, футбол және волейбол алаңдары, белсенді ойындарға арналған арқанды қалашық орнатылды. Ұлттық нақышта жабдықталған этно-киіз үй құрылды. Тұрғын үйлерге су тартылып, санитарлық-тұрмыстық жағдайлар жақсартылды.

Балалардың жан-жақты дамуы үшін лагерьде түрлі үйірмелер ұйымдастырылды. Әсіресе, дрон басқару үйірмесі үлкен қызығушылыққа ие болып отыр - бұл жерде балалар ұшу техникасын үйреніп, биіктіктен бейне түсірілім жасаумен айналысады.

Сондай-ақ қолданбалы өнер, сурет салу, театр өнері, вокал, шахмат үйірмелері және футбол, волейбол секілді спорттық үйірмелер де жұмыс істейді.

Барлық тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» республикалық бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. Бағдарлама балалардың рухани-адамгершілік, зияткерлік және патриоттық тәрбиесіне бағытталған. Лагерьдегі әр күні қызықты іс-шараларға, шығармашылыққа және жағымды эмоцияларға толы.

Асылбек САПАРАБЕВ,
аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері

Директор - бас редактор
Нелі ГОҢЧАРГазеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС»Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Бұлаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kzГазет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады«Magzhan zhuldizi» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл қ., Коммунов к-сі, 5 үй).
Тиражы - 570Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми баспасым болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады